

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ШЫМКЕНТ КАМПУСЫ

Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультеті
2022-2023 оқу жылындағы Денсаулық сақтау (медицина) резиденттерін даярлау бағыты
бойынша академиялық комитет Кеңесінің №2 мәжілісінің хаттамасы

Шымкент қаласы
Бас ғимарат 205 аудитория

06.12.2022ж
сағ 15-00

Қатысқандар: Төрайымы- Жолымбекова Л.Д.
Хатшы- Дәулетбай С.
Академиялық комитет кеңесінің мүшелері
Қатыспағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Бағдарламалық аккредиттеудің өзіндік бағалау есептерін әзірлеу.
2. ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру
3. Жаңа әзірленетін ББ мазмұнын жобалау.
4. Жаңа әзірленетін ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау.

1. Бағдарламалық аккредиттеудің өзіндік бағалау есептерін әзірлеу бойынша бойынша факультет деканы С.Туктибаева сөзге шықты. Шымкент кампусында 2022-2023 оқу жылында Денсаулық сақтау (медицина) резиденттерді дайындайтын 28 БББ бар. Жауапты кафедра меңгерушілерінің өзіндік бағалау есептерін беруді ұсынды.

- 7R01114-Радиология. Жалпы дәрігерлік тәжірибе №1 кафедра меңгерушісі, м.ғ.к., Кулаев К.Т. 7R01101- Педиатрия. 7R01125-Неонатология, Педиатрия кафедра меңгерушісі, м.ғ.к., доцент Токбергенова С.М. 7R01102-Акушерия және гинекология ересектердің, балалардың. Акушерлік-гинекология кафедрасы меңгерушісі, м.ғ.к., доцент Бегімбекова М.Л. 7R01103-Жалпы хирургия, 7R01109-Нейрохирургия ересектердің, балалардың, 7R01111-Офтальмология ересектердің, балалардың, 7R01112-Анестезиология және реаниматология ересектердің, балалардың, 7R01118-Балалар хирургиясы-Хирургия, анестезиология және реанимация кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., Муканова А.У. 7R01104-Неврология ересектердің, балалардың, 7R01113-Психиатрия ересектердің, балалардың, 7R01117-Физикалық медицина және реабилитация ересектердің, балалардың-Неврология, психиатрия және наркология кафедрасы меңгерушісі, м.ғ.к., доцент Абасова Г.Б. 7R01105-Терапия, 7R01107-Кардиология ересектердің, балалардың, 7R01108-Эндокринология ересектердің, балалардың, 7R01110-Гастроэнтерология ересектердің, балалардың, 7R01126-Аллергология және иммунология ересектердің, балалардың- Ішкі аурулар кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., Аманбаева Б.Қ. 7R01106-Отбасылық медицина, 7R01116-Клиникалық фармакология, 7R01129-Патологиялық анатомия- ЖДП 2 кафедрасы меңгерушісі, м.ғ.д., доцент Дауреханов А.М. 7R01119-Оториноларингология ересектердің, балалардың, 7R01120-Травматология-ортопедия ересектердің, балалардың, 7R01121-Урология және андрология ересектердің, балалардың, 7R01124-Онкология ересектердің, 7R01115-Кардиохирургия ересектердің, балалардың - Арнайы хирургиялық пәндер кафедрасы меңгерушісі, м.ғ.к. Калдыгозова Г.Е. 7R01122- Дерматовенерология ересектердің, балалардың, 7R01123-Инфекциялық аурулар ересектердің, балалардың-Жұқпалы аурулар және фтизиатрия кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к. Утепбергенова Г.А. өзіндік бағалау презентациялары бойынша сөзге шығып, талдау жасады.

Шешім №1:

Білім беру бағдарламаларының өзіндік бағалау есептері назарға алынсын.

2. 2-ші сұрақ бойынша АК төрағасы Жолымбекова Л.Д. сөз алды. Білім беру бағдарламасының мазмұнын жобалау тақырыбына сәйкес семинар 15.12.2022ж. күніне жоспарланып отыр.

Модератор: Білім беру бағдарламалары және әдістемелік орталық басшысы Е.Шахабаев.
Тақырыбы: 1. Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу. БББ әзірлеу. Университет түлектерінің атрибуттарын әзірлеу.

Семинарда БББ қалай әзірленеді, неге мән беру керек, құзыреттіліктердің маңызы, пәннің оқыту нәтижесі, жұмыс берушілердің ұсынысы сияқты мәселелерді қарастыру жоспарлануда. 2022-2023 оқу жылында академиялық комитет жұмысын жетілдіру бойынша БББ құрастырушылары үшін ішкі әдістемелік семинарлар мен тренингтер өткізу жоспар бойынша орындалуда.

Шешім №2: БББ әзірлеу тақырыбына семинар және тренингтер ұйымдастыру жоспарға сәкес орындалуы қадағалансын (жауапты АК төрағасы, кафедра меңгерушілері).

3. Күн тәртібінің үшінші сұрағы жаңа әзірленетін БББ мазмұнын жобалау бойынша «Хирургия және анестезиология-реанимация» кафедрасының меңгерушісі, профессор У.А. Муканова сөз алып «Ангиохирургия ересектердің, балалардың» БББ мазмұнын жобалау жүргізілгенін айтып өтті. Қазақстан Республикасының медицина саласы бойынша қан тамыр хирургтарының (ангиохирург) тапшы екендігі мәлім. Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша тек екінші деңгейдегі ауруханаларда 1 штаттық көлемде маман халыққа қызмет жасайды. Аудандық ауруханалармен емханаларда мүлдем штат қарастырылмаған. Бұл аталмыш саланың мамандарының өте аз екендігін дәлелдейді. Осыған орай мемлекет жергілікті бюджеттің сұранысына сәйкес жыл сайын оқыту гранттарын бөлуде. Университетіміздің және де ОПК потенциалын ескере отырып «Ангиохирургия ересектердің, балалардың» білім беру бағдарламасын ЖМБКББ факультетіндегі «Хирургия және анестезиология-реанимация» кафедрасының құрамында ашылуын және жобалануын ұсынамыз.

Жобалану барысында БББ-ның құрылымы, пәндер тізбесі және тандау компоненттері қазіргі заманның талабына және жаңа Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарындағы (ГОСО) Үлгілік оқу бағдарламаларының (ТУП) талабына сәйкес жасалынды. БББ бағдарламасы жасалыну барысында білім алушылардың құзыреттіліктері, оқыту нәтижелері және оларды бағалау критериялары резидентура деңгейіне және университетіміздің бағалау ережелеріне сәйкестендірілді.

БББ жобалау кезінде жұмыс берушілермен ақылдаса отырып БББ-ны іске асыру үшін оқыту мен оқытудың әдістерін, технологияларын білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалау және қажетті ресурстар анықталды.

Шешім №3: Жаңа әзірленетін БББ мазмұнын жобалау бойынша жұмыстың орындалуы қадағалансын (кафедра меңгерушісі).

4. Күн тәртібінің төртінші сұрағы жаңа әзірленетін БББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау мәселесі бойынша «Хирургия және анестезиология-реанимация» кафедрасының меңгерушісі, профессор У.А. Муканова сөзін жалғастырды. БББ стратегиялық дамыту мақсатында көршілес білім беру мекемелерінің БББ-лары сарапталып классификаторға сәйкестендірілді. Бәсекеге қабілетті маман дайындау мақсатында университетке оқу процессіне қажетті заманауи үлгідегі материалдық-техникалық базаға және де оқу және ғылыми әдебиеттерге сұраныс берілді. Білім алушылардың науқастармен жұмыс жасауы және тәжірибесін арттыру мақсатында ангиохирургиялық бөлімшесі бар ауруханалармен клиникалық база ретінде келісім шарттар жасалынды. Және де тәжірибе алмасу және білімін арттыру мақсатында Республикамыздағы жалғыз хирургиялық орталықпен меморандум жасалынды.

Шешім №4: Жаңа әзірленетін БББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау бойынша мәлімет назарға алынсын.

1. Әр түрлі мәселелер болған жоқ.

АК төрайымы:



Л.Жолымбекова

Хатшы:



С.Дәулетбай